

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұмыс дәптері

6
СЫНЫП

А. Қ. Биисова, А. А. Байтурсынова, Ф. Б. Жалетденова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
6-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2020

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Б 52

Шартты белгілер:



– сыз, боя



– жазбаша тапсырма

-  – күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма
-  – күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма
-  – күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма

Биисова А. Қ. т.б.

Б 52 Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 6-сыныбына арналған жұмыс дәптері / А. Қ. Биисова, А. А. Байтурсынова, Ф. Б. Жалетденова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 48 б.

ISBN 978-601-249-768-7

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-249-768-7

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020

Құрметті оқушы!

Біз сенімен жаңа оқу жылында тағы да кездескенімізге қуаныштымыз. Бұл жылы да сен қазақ тілінен алған біліміңді жалғастырасың.

Жұмыс дәптеріндегі суреттер мен тапсырмалар сенің қазақ тілінен алған біліміңді шыңдауға көмектеседі. Берілген тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс орында. Қазақ тілінен алған біліміңді жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындауда қолданасың.

Іске сәт, жас дос!



МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

Дыбыс және әріп

- 1. Сөздерді оқы.

Ана, ар, ақыл, адам, тал, жұрт, жер, бұлт, күн, ауыл, ер, ас, жар, өрік, алма, шие, алма, көл, тал, Отан.

- Осы сөздерді дыбыс санына қарай әр бағанға топтап жаз.

Үлгі:

Ар

Ана

Ақыл

- 2. Суреттегі заттардың атын ата. Барлығын қалай айтуға болады? Жаз.



- Сөздердің неше дыбыстан, неше әріптен құралғанын айтып жаз.

Үлгі: қалам – 5 дыбыстан, 5 әріптен.



- 3. Қала аттарын алфавит ретімен жаз.

Көкшетау, Макинск, Талдықорған, Ақтау, Шымкент, Семей, Түркістан, Зайсан, Қостанай, Нұр-Сұлтан, Жезқазған, Риддер, Балқаш, Өскемен, Алматы, Орал, Державин, Қарағанды, Ленгер, Үшарал, Хромтау, Екібастұз, Щучинск, Павлодар.

Дауысты дыбыстар



1. Дауысты дыбыстарды дөңгелекке жаз. Барлығы неше дауысты дыбыс бар?



А

Е

О

Ы

И



2. Өлеңді оқы. Дауысты дыбыстардың астын сыз.

Ұстазым

Санама нұр құйған
Ұстазым данышпан.
Ол берген біліммен
Талаймен жарысқам.

Қарты да, жасы да
Кемеңгер данасы.
Қарыздар ұстазға
Адамзат баласы!

3. Өлеңнен дауысты дыбыстарды көшіріп жаз. Бұл дыбыстарды неге дауысты дейді?

3. Сөйлемдерді оқы. Көп нүктенің орнына дауысты дыбысты қой.

Жапырақтар

Күз к...лді. Жап...рақтар сарғ...йды. Ол...р үз...ліп ж...рге т...сті. Бала-
л...р өртүрл... жапыр...қтарды ж...нады. Оны к...тап, альб...м ар...сына
салд... .



- Суретке қара. Бұл не? Күз мезгілінде жапы-
рақтар қандай түсте болады? Жапырақтарды
күзгі түстерге боя. «Жапырақ» сөзін жазу. Қандай
дауысты дыбыстар бар?



- 4. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қалай топталады? Жалғастыр.

Жуан дауыстылар:

а, _____

Жіңішке дауыстылар:

ө, _____

- 5. Мақалдарды оқы. Дауысты дыбыстарды айт.

Білім – таусылмайтын байлық.
Білім – теңіз, түбі де, шегі де жоқ.
Білегіңе емес, біліміңе сен.



- Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырат. Жуан дауыстының астын бір сызықпен, жіңішке дауыстының астын екі сызықпен сыз.

- Өзіңе ұнаған мақалды көшіріп жаз, есіңе сақта.



- 6. Дауысты дыбыстардың астын сыз.

Қалам, кітап, дәптер, сызғыш, сынып, оқушы, мектеп, сөмке, бөлме, дәліз, тақта, бор.

- 7. Суреттегі заттардың атын жаз. Қандай сұраққа жауап береді?









Дауыссыз дыбыстар



1. Дауыссыз дыбыстарды дөңгелекке көшіріп жаз. Барлығы неше дауыссыз дыбыс?

л, р, й, м, н, ң, у, б, в, г, ғ, д, з, ж, һ, п, т, с, к, қ, х, ф, ц, ш, щ, ч.



М	Т	Ш	С	Р		
○	○	○	○	○	○	○
○	○	○	○	○	○	○
○	○	○	○	○	○	○



2. Дауыссыз дыбыстарды есіңе түсір. Жаз.

Қатаң дауыссыз дыбыстар: _____

Ұяң дауыссыз дыбыстар: _____

Үнді дауыссыз дыбыстар: _____

3. Өлеңдегі дауыссыз дыбыстарды көшіріп жаз, түрлеріне қарай ажырат.

Ұстаз – ана
Білім берген балаға,
Мейіріммен
Нұр құяды санама.
Шәкірттерің
Үмітіңді ақтайды,
Еңбегіңіз еш кетпейді далаға.

4. Дыбыстарды оқы. Осы дыбыстар қандай? Көп нүктенің орнына қатаң, ұяң, үнді деген үш сөздің тиістісін қойып жаз.


П, қ, к, т, с, ш, щ, ф	_____ дауыссыз дыбыстар.
Б, в, г, ғ, д, ж	_____ дауыссыз дыбыстар.
Р, л, м, н, ң	_____ дауыссыз дыбыстар.

Э дыбысы мен Е дыбыстары



- 1. Өлеңді көшіріп жаз, э дыбысының астын сыз.

Элеватор маңына
Экскаватор тоқтады.
Эрик ағай тағы да
Электрикті жоқтады.



- ● 2. Өлеңдегі көп нүктенің орнына тиісті дыбысты қойып жаз.



... кскаватор жүргізіп,
Жерді қаздық жаңалап.



... леватор қосқызып,
Өңдедік бидай тазалап.

- 3. Екі бағандағы сөздерді оқып, салыстыр. Көркем жаз.

Эстрада – Елік _____

Элеватор – Елтірі _____

Экскурсия – Елеуіш _____

Экипаж – Етік _____

Экран – Есеп _____

Эстафета – Епті _____

- 4. Сөздерді оқы. Дыбыстық талдау жасап жаз.

Экран, экипаж, етік, есеп

Үлгі: элеватор

Э – дауысты дыбыс, жіңішке,

Л – дауыссыз дыбыс, үнді

Е –

В –

А –

Т –

О –

Р –



- 5. Көп нүктенің орнына **э, е** әріптерінің тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Ауыл маңында ...леватор бар. Онда ...лектр жарығы жанып тұрады. Далада ...гін өсіп тұр. Диқаншылар ...гінді комбайнмен орып жүр. ...гіс дала-сындағы бидай сап-сары алтындай, көзді қызықтырады. Кеш түсті. Диқан-шылар үйлеріне қайтты. Олар тел...дидар қарады.

- 6. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Жауабын жаз.

Жарға шығып ойнайды,
Ойынға бір тоймайды.
Болса дағы сақалы,
Секеңдеуді қоймайды. _____



Теміржол тірегі,
Дүрсілдеп жүрегі.
Аспанға керілген
Сымды ұстап жүреді. _____



- 7. Оқы. Көркем жаз. **Е** дыбысының астын сыз. Халық даналығын есте сақта.

Есті бала ержетіп,
Елдің қамын ойлаған.
Ессіз бала кері кетіп,
Есерлігін қоймаған.

- 8. Сөзжұмбақ. **Э** дыбысы бар сөзді тап. Торкөзге жаз.

5	1	2	4	3
н	э	к	а	р
н	э	к	а	р

В мен Б дыбыстары

- 1. Өлеңді мәнерлеп оқы. Суреттегі в дыбысынан басталатын сөздерді атап шық.

Астанада өтпекші
Волейболдың жарысы.
Жеңіске сонда жетпекші –
Досымның барған мәнісі.
Ал мен болсам бәрінен
Виолончелімді ұнатам.
Жаттығып жүрмін әлі мен,
Қол соғу үшін ұлы Отан.



- 2. Сөйлемдерді оқы. Ойлан. Қандай әріп жетіспейді?
Қандай әріптер қойдың? **В** әрпі бар сөздерді тауып, көшіріп жаз.

1. Біз а...тобуспен қалаға бардық. 2. Көшеде балалар ...елосипед теуіп жүр. 3. Қалада трам...айға міндік. 4. Апам жетінші ...агонмен келді. 5. ...аровоз гүрілі құлаққа жағымсыз естілді.

- 3. Жұмбақтың шешуін тап. Жауабын торкөзге жаз.

Бір-бірімен қорап үйлер тіркесіп,
Қос сүрлеумен әрі-бері жүр көшіп.

В				
---	--	--	--	--

Ұзын мұртты сарылар,
Қойнында наны бар.

б				
---	--	--	--	--

- 4. Көп нүктенің орнына **б**, **в** әріптерін бір-бірімен салыстыр. Жазылуын есте сақта.

...ала
... йлық
...үркіт
...ұ лбұл
...ота

...ова
...ельвет
...окзал
...агон
ай...а

● 5. Берілген суреттерге қара. **Б** және **В** дыбыстары бар сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыр. Екі дыбыстың айырмашылығын айт.













● 6. Жұмбақтың шешуін тап. Жауабын торкөзге жаз.

Төбесіне асыр сап
Ойнаса қос таяғым,
Таңқылдаған тақыр бас
Шытпайды бір қабағын.

--	--	--	--	--	--	--

● Барабан сөзіне – дыбыстық талдау жаса.

Б –
А –
Р –
А –
Б –
А –
Н –

Ф мен П дыбыстары



- 1. Сұраққа жауап бер. Жаз. **Ф** және **п** әріптерінің астын сыз.

Бұлне?



Бұлне?



- 2. **Ф** дыбысы бар сөздерді жазып, дұрыс айтылуы мен жазылуына көңіл аудар.

Үлгі: футбол, фабрика

- 3. *Лифт, ферма* сөздерін қатыстырып сөйлем құрастыр.



- 4. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып сөйлемдерді оқы. **Ф** әрпі бар сөздердің дұрыс жазылуын есте сақта.


Керекті сөздер: кофта, футбол, фотосурет, фильм, фотоаппарат, асфальт.

Тақтайдай тегіс _____ жолмен мәшинелер ағылып жатыр.
Самат _____ сатып алды.
Анам _____ салған альбомды әкеліп берді.
Кинотеатрда жаңа _____ жүріп жатыр.
Балалар _____ жарысына қатынасты.
Дүкеннен әдемі _____ сатып алдым.

- 5. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, дұрыс жазылуын есте сақта.

Құс ...ермасы, ас...альтты көше, аяқкиім ...абрикасы, ...утбол алаңы, жаңа ...ильм, әдемі шар... , телегра... сымдары, мал ...ермасы.

- 6. Суретке қара. Бұл не? Осы сөздермен сөйлем құрастыр.



Х, һ дыбыстары

● 1. Өлеңді мәнерлеп оқы. **Х** әрпі бар сөздерінің астын сыз. Дұрыс жазылуына назар аудар.

Хат жазуды балапан
Үйреніпті жаңадан.
Хабар алып қуанды,
Дос таптым деп қаладан.

● 2. Мәтінді оқып, мазмұнын әңгімеле.

Шоқан Уәлиханов (1835 – 1865)



Шоқанды әкесі жеті жасында ауыл мектебіне оқуға береді. Зерек бала оқуға алғыр болды. Шоқан 12 жасында Омбы қаласындағы офицерлер даярлайтын кадет корпусына түседі. Шоқан орыс ғалымдарының кітаптарын көп оқиды. Ол көрнекті саяхатшы болды. Шоқан суретші де еді. Ол орыс халқымен дос болуға шақырды. Бірақ өмірі қысқа болды. Ол Қазақстанның, шығыс халықтарының тарихын зерттеді. Олар туралы көп ғылыми еңбектер жазды.

● Мәтіннен **х** әрпі бар сөздерді теріп жаз. Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.

Үлгі:

С – дауыссыз, қатаң

А

Я

Х

А


Т

Ш

Ы

● 3. Ойлан, тап!

Егер «Х»-дан бастасаң,
Алыстан хабар аласың.
«Х»-ны алып тастасаң,
Үстіне тоқым саласың.



● 4. Жұмбақтың шешуін тап. Жауабын торкөзге жаз. **h** әріптері бар сөздерді дұрыс көшір.

Кітапқұмар Қаһарман,
Таппаған соң шаһардан.
Аттай қалап «Қаһарды»,
Сұрап алды Гауһардан.
Қай әріп? _____ □



● 5. Суретке қара. **X, h** әріптері бар сөздерді торкестеге жаз.



X		т			
X				қ	
С			х		
Г			h		
Ш		х			

● 6. Ойлан! Сандардың ретіне сәйкес әріптерді жазып сөз құра. Қандай ұлттық ойын атауы шықты?

2	1	8	6	3	5	7	10	4	9
А	Х	П	Л	Н	А	А	Й	Т	А
									Й

● 7. Хабарламаны оқы. Не туралы айтылған? Көркем, қатесіз көшіріп жаз.

ХАБАРЛАМА!

Ең заманауи оқу құралдарын іздесеңіз, бізге келіңіз!
Алматы қаласы, Хамза көшесі, 12 үй, «Қаһарман» дүкені.

МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

Ц дыбысы мен С дыбысы



- Ережелерді еске түсір.

Ц дыбысы – _____

Мысалы: _____

С дыбысы – _____

Мысалы: _____

- 1. Жұмбақтың шешуін тап, жаз.

Цифрда бар,
Қолда жоқ.
Циркте бар,
Борда жоқ.
Бұл қандай әріп?
(...).

- 2. Сурет бойынша сөйлем ойластыр.





- 3. Көп нүктенің орнына тиісті **ц** әрпін қойып жаз.


*КОН...ЕРТ, МОТО...ИКЛ, ПОЛИ...ИЯ, ...ИРК, ...ИРКУЛЬ,
...ИСТЕРНА, ...ЕМЕНТ, КОНСТИТУ...ИЯ.*

- 4. Тез айтып жаттық!

Цирктегі жонглёр,
Саматты бүкіл ел білген.



- 5. Өлеңді мәнерлеп оқы. **С** дыбысы бар сөздерді тауып көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.



Бір сауысқан қонды кеп,
Тұмсығында сағат тұр.
«**Сағат** сегіз болды» деп,
Сиыр оған қарап тұр.
Сапталмаған орақтай,
«**С**» жаңадан туған ай.
Сұлудың қиғаш қасына,
Теңеген жырлап оны Абай.
Банан да «**С**» тәрізді,
«**С**» бастап тұр сағызды.




Үлгі:

С – дауыссыз, қатаң.



- 6. Суреттерге қара. Не көріп тұрсың? Жаз. **С** дыбысының астын сыз.



- 7. Жұмбақтардың шешуін тауып, торкөзді толтыр.

Тық-тық ұрып,
Шегесін қадап.
Мезгілді саған,
Айтады санап.

С				
---	--	--	--	--

«О» деп жазып шіркінің
Көрсетеді сиқырын.
Іс қырларда қасқайған
Бір көмекшім – ...

Ц						
---	--	--	--	--	--	--



- 8. Оқы. Көп нүктің орнына қандай дыбыс жетіспейді? Ойлан. Тізбек сөздерде қай әріп жазу керек? Дұрыс әріпті қойып жаз.

...әкеннің ...иырларының ...аны – ...егіз. ...иырлары ...еміз, ...үтті. ...амал,
...әуле ...ара, ...әния ...иырларды ...ауды. ...әкен, ...ұлтан, ...ерік, ...алық
...иырларды ...уарды.



- 9. Көп нүктенің орнына **ц** немесе **с** әрпін қойып көшіріп жаз.



... итруспен толтырдық та,
... ехтарды, ...еллюлоза,
... истерналар шет қалды.



- 10. Өлеңді оқы. **С** дыбысы бар бір сөздердің астын сыз.

Туған жер

Туған жер, алтын бесігім,
Тербеттің мені төсінде.
Жүреді сенің есімің
Мәңгілік менің есімде.

11. **Ц** дыбысы сөз басында, ортасында, сөз соңында кездесетін сөздерді ойланып жаз.


Ч, Щ дыбыстары

Есіңе түсір! **Ч, щ** қандай дыбыстар? Осы дыбысты білдіретін әріпті жаз. _____

Ч, щ дыбыстары бар сөздерді жаз. Мысалы: *Чернобыль*... _____



● 1. Айт. Боя.



● 2. Сөздерді дауыстап **ш** және **ч** дыбыстарының бірін қойып оқы. Айтылу айырмашылығын байқа.

...елек – ...етка

...оқ – ...укот

...емпионат – ...еңбер.

● 3. Өлеңдерді мәнерлеп оқы. Көп нүктенің орнына тиісті **ч, щ** әріптерінің бірін қой.

... емоданын көтеріп,
... емпион кетіп барады.

Куәлігін көрсетіп,
Кассадаң ...ек алады.

Тазалықты бірден сіз
...еткамыздан іздеңіз.
Маржандай болған тістерім,
Тіс ...еткамның іздері.



Қылшық қонса тоныма,
Киім ...еткам қолымда.
Бәтеңкеңде қалса із,
Аяқ ...етка іздерсіз.

● 4. Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем ойластыр.

Сөздер: чек, щетка, борщ, плащ, ащы, чемпион _____

● 5. Ойлан! «Адасқан әріптер» ойыны. Қарамен жазылған сөздерге назар аудар, оларды дұрыс жаз.

Шабак оқып бес алдық,
Бүгін алдық, кеше алдық.
Төбет **шүйек** кемірді,
Содан күнде семірді.
Піл ұшып жүр аспанда,
Жалт береді қашқанда.
Сылбыр тақтым жүгенге,
Ерді салдым күреңге.




● 6. Керекті сөздерді орнына қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ағам _____ су әкелді. Әсет бокстан әлем _____ атанды.
Алма мен Айша _____ газет-журнал сатып алды. Асханада бүгін _____ пісірді.

Ауылдың шетінде _____ көл бар. _____ көтерген жолаушы
автобустан түсті. Дүкеннен әдемі _____ сатып алдым.

Керекті сөздер: плащ, борщ, чемоданын, шелекпен, тұщы, почтадан, чемпионы.

● 7. Суреттер бойынша торкөздерді толтыр.



Щ						
Ш						
Ш						
Щ						
Ш						
Ч						

Буын үндестігі

- 1. Сөздерді оқы. Буынға бөліп көшіріп жаз.

Достық, батырлық, Отан, отбасы, бақытты.



- 2. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

1. Халқымыз домбыра... қастерлеп ұстаған. 2. Болат жасынан домбыра... болуды армандады. 3. Біздің жерімізде айдынды көл... , асқар тау... өте көп. 4. Адам – табиғат... бөлшегі.

- 3. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қарамен жазылған сөздерді теріп, буынға бөліп жаз.

Тәуелсіз елім

Азаттық келді еліме,
Бостандық келді жеріме.
Тәуелсіз елім жасай бер,
Көк туым желбірей бер!

- 4. Мәтінді оқы. Көшіріп жаз.

Менің Отаным – Қазақстан!

Отан – адамның туып-өскен жері, атамекені, ел-жұрты. Тәуелсіз Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. «Отан үшін отқа түс, күймейсің», – деп Бауыржан атамыз бекер айтпаған. Отан – жүрегіміздің бір бөлшегі.

Дыбыс үндестігі

- 1. Суреттердегі сөздермен дыбыс үндестегін байқа.

Тарақ



тара + ... ы тарағы.

Күрек



күре + ... і = күрегі.



- 2. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қосымшалардың тиістісін қойып жаз.

Отан...(-ны, -ні, -ды, -ді) сүю, атам... (-ның, -нің, -дің) батасы, мұражай...
(-ге, -ға) бару, халық... (-ке, -қа, -ға) арнау, бөпе... (-ны, -ні, -ды) жұбату.

- 3. Сөздер жұбынан дұрыс жазылған сөз тіркесін теріп жаз.

Торы ат – торат, ала кел – ала гел, Атың кім – атың гім, екі қыз – екі ғыз.

- 4. Өлеңді жатқа жаз. Буынға бөліп белгіле.

Елміз әлем таныған, мойындады шетелім.
Шырқалғанда әнұран рухтанып кетемін.
(«Ертегілер елінде» журналынан.)

- 5. Берілген сөздермен сөйлем құрастыр.

Отбасы, Отан.

МЕН ӨСКЕН КЕЗДЕ КІМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ?

Сөз. Дара және күрделі сөздер



Ережені еске түсір.

Дара сөз дегеніміз – _____

Мысалы: _____

Күрделі сөз дегеніміз – _____

Мысалы: _____

● 1. Күрделі сөздерді қолданып сұрақтарға жауап бер. Жауабын жаз.

Сиыр қандай?  _____ Мынау не?  _____

● 2. Қажетті күрделі сөздерді қойып көшіріп жаз.

Керекті сөздер: медколледжге, ағайын-тумаңыз, он жетіге, Алатау.

1. Асан биыл _____ толды.
2. Алматы _____ баурайында орналасқан.
3. Бүгін Астанадан _____ қыдырып келді.
4. Ағам биыл _____ оқуға түсті.

● 3. Сұраққа жазбаша жауап бер. Мысал келтір. Күрделі сөз неше түрге бөлінеді?

Күрделі сөз _____ бөлінеді.

Біріккен сөздер: _____

Қысқарған сөздер: _____

Сөз тіркестері: _____



● 4. Жұмбақтарды оқы. Шешуін дара және күрделі сөздерге ажыратып жаз.

1. Сексен бес тілі бар, әр тілдің өзіне тән үні бар.
2. Кейде аққан судай, кейде қалың нудай, жақындасаң жоқ, алыстасаң бар.

3. Қара таспын, қап-қарамын, үй жылытып үлкен жұмыс атқарамын.

Шешуі: күйсандық, сағым, таскөмір.

Дара сөздер: _____

Күрделі сөздер: _____

● 5. Төмендегі сөздерді күрделі сөздердің түрлеріне қарай топтап жаз.

Итмұрын, әке-шеше, Ботагөз, БҚМУ, Амангелді, ұзынды-қысқалы, Сарыарқа, бақа-шаян, қара ала, қара торы, әп-әдемі, он екі, жиырма бес, ҚР, Ақтөбе, ала шұбар, астан-кестен, ҚХР, педколледж, ҚазМҰУ

Біріккен сөз	Қос сөз	Қысқарған сөз	Сөз тіркесі
Үлгі: Итмұрын	Әке-шеше	ҚХР	Қара ала

● 6. Күрделі сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Ақбота, дос-жаран, көңіл күй, БҰҰ, жоғары-төмен, көк ала, педколледж, қара торы, алтыбақан, ҚР, ақ боз, Ақжайық.



● 7. Күрделі сөздерді тауып, көшіріп жаз.

Қазақ ою-өрнегі – ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Ежелгі ою-өрнектердің мазмұнында қолөнер шеберлері ғасырлар бойы сақтап келген дәстүр қамтылған. Осы өнерді қайта жаңғырту біздің мақсатымыз. Оюларды білген жақсы ғой. Ұсақ аңдардың табандарының іздері жүкаяқ, кебеже, асадалдың көрнекті жерлеріне салынған. Сонымен қатар бұл өрнек түрін үй жиһаздарының жиектерінен, бұрыштарынан кездестіруге болады. Оған мысал ретінде *қошқармүйіз, төртқұлақ, түйетабан, ботамойын, түлкібас, құсқанат* және тағы басқа оюларын атауға болады.



Біріккен сөздер

- Ережені еске түсір.

Біріккен сөздер деп

Мысалы: _____



- 1. Күрделі сөзбен жауабын айт. Жаз.

Бұл қандай ойын? _____



Бұл не? _____



Бұл не? _____



- 2. Біріккен сөздердің түрлерін ажыратып, кестені толтыр.

а) өсімдік, құс, аң атауларынан: алабота,

ә) кісі атауларынан: Алмабек, ... , ...

б) жер, су, географиялық атауларынан: Алакөл, ... , ...

в) ойын атауларынан: алтыбақан, ... , ...

д) ән, күй аттарынан: «Жанбота», ... , ...

- 3. Біріккен сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыр. Осы сөздердің дұрыс жазылуына назар аудар.

Саңырауқұлақ, Ақтөбе, кемпірқосақ, егеуқұйрық, Алтынай, аққу, соқыртеке, «Қараторғай» әні.



- 4. Мақалды оқып, есте сақта! Біріккен сөзді тауып астын сыз.

Аққу айдынын аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.

- 5. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып көшіріп жаз.

Керекті сөздер: «Сарыарқа», Әбілхан, Ақтөбе, Ақжайық, Сарыағаш, Сарыбел.


1. Жолаушылар _____ өңіріне келіп тоқтады. 2. Орал қаласы _____ өзенінің бойында орналасқан. 3. Апам _____ шипажайында демалып жатыр. 4. _____ Қастеев – қазақтың ұлы суретшісі. 5. Құрманғазының « _____ » күйін өте жақсы көремін. 6. _____ ауылы тау етегінде орналасқан.

- 6. Бағанның сол жағындағы сөздерді оң жағындағы сөздермен сәйкестендіріп біріккен сөз жаса.

Өнер	сөз
Қол	мұрын
Ит	кәсіп
Баспа	басшы



- 7. Суреттерді пайдаланып сөйлем құрап жаз. Біріккен сөздердің астын сыз.



Кісі аттарын білдіретін сөздер



- 1. Өзіңнің аты-жөніңді дұрыс жаз.

● 2. Кісі аттарын оқы. Көркем көшіріп жаз. Түбірлері өзгермей біріккен сөздерді бір бөлек, түбірлері дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен сөздерді бір бөлек көшіріп жаз. Қандай түбірлерден біріккенін айт.

Нұргелді, Әбдіқадыр, Қаламқас, Жанғали, Айқыз, Қарагөз, Айнамкөз.

● 3. Сыныптағы балалардың немесе туыстардың есімдерін арасында біріккен сөздер бар ма? Ойлан! Бар болса, жаз.

Мысалы: Мейрамбек, Ақбота, ... ,

- 4 . Өлеңді мәнерлеп оқы. Кісі аттарын теріп жаз.

Біз денешынықтыру сабағын жақсы көреміз. Сабақ басталысымен балалар екі топқа бөлініп ойнай бастайды. Бір топтан Аманжолдың қожаң-қожаң еткен дуысы естіліп қалады. Сонаң соң екі бала шап-шұп ұстасады. Бір жағынан адыраң-адыраң етіп Бексұлтан шығады. Оларға ербең-ербең етіп Елдос қосылады. Дадан жеңілген Елтай қызараңдап ойыннан шығады. Ойын қызығына түскен балалар шып-шып терлей бастағанда сабақ та аяқталады.

- 5. Мына сөздерден жер-су аттарын жасап жаз.

Екі, талды, өзек, қызыл, тау, қорған, ала, бас, тұз, көл, орда, көкше, қара, сары.

Жер-су және үй жануарларының атын білдіретін сөздер



- 1. Картаға қара. Қала атын білдіретін біріккен сөздерді тауып жаз.

- 2. Мәтінді оқы. Біріккен қала аттарын атап теріп жаз.

Менің Отаным – Қазақстан! Қазақстанда ұлты әртүрлі халық тұрады. Көрікті қалалары да бар. Олар: Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Орал, Тараз.

- 3. Туған жер өңіріндегі жер-су аттарын білдіретін біріккен сөздер қатарын толтыр. Мысалы: *Қаратөбе, Жетісу, ...*

- 4. Өлеңді оқы. Көшіріп жаз.

Ғарыш деген керемет –
Зымыранмен ұшасың.
Бүкіл ғаламды көріп,
Жерге қайта қонасың.
Ғарышқа мен де ұшамын,
Үлкен болып өскенде.
Ғарышкер болу арманым,
Боламын десем, боламын.



Түбірлес сөздер

- Ережені еске түсір, аяқтап жаз.

түбірлес сөздер деп аталады.

Мысалы: _____



- 1. Төмендегі түбірлес сөздерді оқы. Сөздерді қатесіз көшіріп жаз.

- Түбірлес сөздерді дефис арқылы ажыратып жаз.

Балалық, балақай, орындық, орнат, сүйеме, сүйемел, басқар, баста, бөлек, бөлгіш, бөлшек.

Үлгі: бала-лық, _____

- 2. Төмендегі мысалдардан түбірлес сөздерді тауып, олардың әр тобын жеке-жеке бағанға тізіп жаз.

Бөл. Басқар. Өнімпаз. Бөлме. Өнім. Бөлшек. Баста. Басқарма. Басшы. Бөлім. Өнгіш. Бастық. Өндіріс. Басшылық. Басқару. Өндірі. Басқарушы. Өнімді. Бөлек. Өндіріме.

Үлгі:

а) бөл, _____

ә) өн, _____

б) бас, _____

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Зат есім

- Ережені еске түсір, аяқтап жаз.

Затты

зат есім деп аталады.

Сұрақтары:

Мысалы:

Зат есімдер жасалуына қарай неше топқа бөлінеді?



- 1. Сұраққа жауап бер. Жауабын көркем жаз.

Бұл кім?



Бұл не?



- 2. Негізгі зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Ана, бала, дос, қол, қора, сарай, ауыл, ағаш, жер.

- 3. Туынды зат есімнің жұрнақтарын дефис арқылы ажыратып жаз.

Әнші, адамшылық, адалдық, қызметкер, кітапхана, күзем, кеспе, шапқы, айтыс, күрек, өкініш, жуын, сабау, үйінді.

Үлгі: ән-ші, ... ,



- 4. Негізгі және туынды зат есімдерді ажыратып жаз.

Аспан, күйші, жер, тағам, асхана, күрек, айтыс, ана, балалық, бөлме.

Негізгі: аспан, ... , ...

Туынды: күйші, ... , ...

- 5. Жұмбақты оқы. Оның шешуін тап. Жауабын торкөзге жаз.

Қыста жерді жауып кетті,
Ал көктемде ағып кетті.

Қ		
---	--	--

Түк қайғырмай,
Мұзайдында
Сыр-сыр етеді.
Бір адамды екеуара
Көтеріп ап кетеді.

К					
---	--	--	--	--	--



- 6. Сурет бойынша сөйлем құрастыр. Жаз. Сөйлемде қандай зат есім бар?



Септіктер. Зат есімнің септелуі

- Ережені еске түсір. Септіктер неше түрлі болады?

● 1. Зат есімдерге септік жалғауын тірке.

1. Атам қой... өріске жайды.
2. Шолпан Алматы... келді.
3. Ағаш... жапырағы бүршік жарды.
4. Сәкен өзен... шомылуға барды.
5. Жаз... жайлауға қыдырып барамын.
6. Қайрат Қанат... ұзақ ойнады.

● 2. Өлеңді түсініп оқы. Қарамен жазалған сөздерді жаз. Олардың қай септікте тұрғанын айт.

Дастарқанның басында, **әдептен** біз озбаймыз.

Үлкендердің қасында **қолды** бұрын созбаймыз.

● 3. Кестені толтыр.

Септіктер	Сұрақтары	Мысалы	
Атау	Кім? не?	ата	көл
Ілік			
Барыс			
Табыс			
Жатыс			
Шығыс			
Көмектес			



● 3. Суреттегі заттың атауына ілік септігін тіркеп жазып, сөйлем құрастыр.











- 4. Зат есімдерге барыс септігінің жалғауын тіркеп жаз.

Орман, тоғай, апа, аң, балық, аспан, жұлдыз, әже, мұз.

- 5. Жұмбақтың шешуін тап.

Суға батпайды,
Отқа жанбайды.

М		
---	--	--



- 6. Мәтінді оқы. Табыс септікте тұрған сөздерді тауып, астын сыз.

Парыз

Адамға өз ісін жете білу керек. Ол үшін оқып үйрену керек. Білгенді пайдалы іске, ізгілікке жұмсау керек. Ата-ананың парызы – ұрпағына ана тілін, ата-баба салтын, дәстүрін қастерлетіп тәрбие беру. Бала үшін ата-ананы сыйлау парыз.

- 7. Сөздерге жатыс септігінің жалғауын тіркеп жаз. Оларға сұрақтарын дұрыс қоя біл.

Құс, адам, үй, бақша, өзен, дәрігер, құрылыс, қыз, әке, ауыл, дала, балалар, хайуанат, жағалау.

Үлгі: құста – неде?

- 8. Мәтінде белгіленген көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып көшіріп жаз.

Біз ауыл... тұрамыз. Біздің ауыл өте бай. Күз... астықты орамыз. Қырман... астық мол. Ауыл... мал көп. Сауыншылар сиыр фермасын... тұрады. Олар мол сүт сауады. Сүт... түрлі тағамдар жасайды. Оқушылар ауыл мал... күтуге көмектеседі.

● 9. Сөздерді оқы. Нені білдіреді? Зат есімдерге шығыс септігінің жалғауын жалғап жаз.

Терезе, үй, аула, мектеп, ұшақ, бауыр, қалам, ағайын, торғай, дос.



● 10. Суретке қара. Суреттен кімдерді, нені көріп тұрсың? Ата. Олардың әрқайсысына шығыс септігін тіркеп сөйлем құрап жаз.

Үлгі: ата, ...





● 11. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып сөйлемдерді оқы. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.



Қарлығаш ұя салды. Бірақ ұя... торғай орналасып алды. Қарлығаш басқа қарлығаштар... көмек... шақырды. Көмек... көп қарлығаштар келді. Олар ұя... торғай... қуып шықты. Қарлығаш ұя... орналасты. Достары... рақмет айтты.

БІЗ СПОРТТЫ ТАҢДАЙМЫЗ

Сын есім



- 1. Мәтінді оқып, көшіріп жаз. Сын есімнің астын сыз.

Қазақ халқы – ұлттық ойындарға бай халықтардың бірі. Ұлттық ойындарды ойнаған балалар өжет, батыл, шапшаң, тапқыр, табанды, байсалды, күш-қуаты, білек күші мол, денесі құрыштай болады. Қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауық жағынан ғана маңызды емес, ол – спорт, ол – өнер, ол – тәрбие құралы.

- 2. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақты қойып, туынды сын есімге айналдыр.

Ол – намыс... адам.

Кеш... самал жел еседі.

Әсем... болма өрнеге, өнер... болсаң арқалан.

Әдеп... бала – ар... бала,

Әдеп... бала – сор... бала.

Кісі киім кір... , кісі аты тер... .



- 3. Ойлан! Кестені толықтырып жаз.

Заттың аты	Түсі	Дәмі
Не?	Қандай?	
Қант	ақ	тәтті
Бал		
Алма		
Тұз		
өрік		



● 4. Сын есімдер тұлғасына қарай қалай бөлінеді? Жауабын жаз.

● 5. Ереже бойынша кестені толтыр. Көрсетілген сын есімдерді жаз.

Негізгі сын есім	Туынды сын есім

6. Суреттерде қандай ойындар көрсетілген. Сипаттап жаз.



Сын есімнің шырайлары



● 1. Салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтарды жаз. Берілген сын есімдерді бөліп жаз.

-ырақ; -ірек; -рақ; -рек;	қаттырақ, қызылырақ, жақсырақ.
-лау; -леу; -дау; -деу; -тау; -теу	қаттылау, қызылдау, аласалау.
-қыл; -ғыл; -қылт; -ғылт;	сарғылт, дымқыл, жақсырақ.
-шыл; -шіл;	ақшыл, көкшіл.

● 2. Берілген сын есімдерді салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар бойынша бөліп жаз.

Қаттырақ, қаттылау, қызылырақ, қызылдау, жақсырақ, ақшыл, аласалау, биіктеу, сарғылт, дымқыл, жақсырақ, көкшіл, көкшілдеу

<i>Үлгі:</i>	-ырақ	-шыл
	жақсырақ	ақшыл

● 3. Сөйлемді жалғастыр.

Шырай деп _____ айтамыз.

● 4. Сын есімнің шырайларына мысал келтіріп кестені толтыр.

Сын есімнің шырайлары	
жай шырай	салыстырмалы шырай

● 5. Берілген шырайларды ажыратып жаз.

Сары, биік, қатты, сарғылт, ақшыл, аласа, биік, үлкендеу, көк, ащы, дымқыл, жуас, жақсылау, үлкен, ащырақ, қызылдау, сарғылт, жұмсақ.

Жай шырай _____

Салыстырмалы шырай _____

● 6. Берілген жай шырайдан салыстырмалы шырай жаса.

Ақ – ақшыл, сары – ... , биік – ... , асау – ... , алыс – ... , жасыл – ... , үлкен – ... , ауыр – ... , тұщы – ... , сұр –

● 7. Мәтінді түсініп оқы. Сын есімдерді тап. Шырай түрлерін ажырат.

Қазақтың жаңа жылында гүлдейтін гүлдердің бірі – бәйшешек. Қар еріп, күн жылынып, жер кебе бастағанда, қыр-төбелер алуан түске бөленеді. Алғашқы гүл – жауқазынның гүлі бастапқыда ақшыл болып, кейіннен аппақ болып өседі. Тек көктемде шығады. Хош иісі мұрын жарады.

Сондай-ақ көктемде қызғалдақтар да гүлдейді. Олардың түсі сары және қызыл, күлгін болады.


● 8. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал.

Сын есімдерді тауып, түбір сын есімнен жұрнақтарын ажыратып жаз.

Біз көңілді ұланбыз,
Өн шырқаймыз сайрандап.
Бақытты елде туғанбыз,
Жаз гүліндей жайрандап.

(Қ. Мүсірепов)

● 9. Суреттегі заттарды ата. Өрбір зат есімге мағынасына қарай 2-3 сын есімді тіркеп жаз.



● 10. Жұрнақтарды пайдаланып сын есімнің шырайларын жаз.

-ырақ, -ірек; лау, -леу; -дау, -деу; -тау, -теу; -қыл, -ғыл; -қылт, -ғылт.

Сан есім

- ● 1. Сан есім туралы ережені еске түсіріп, сөйлемді толықтыр. Жаз.

Заттың _____ сан есім деп аталады.




- 2. Мәтінді түсініп оқы. Сан есімдерді тап. Сөзбен жаз.

Азиада алауы

Қысқы Азиада ойындары біздің еліміз үшін өте сәтті аяқталды. Біздің спортшылар 32 алтын медальды жеңіп алып, Азиада ойындарының тарихында үлкен рекорд жасады. Қоржынымызға тағы да 21 күміс, 17 қола медаль түсті.

- 3. Жұмбақ есеп. Есептеп тап. Жауабын сөзбен жаз.

Жұмбақ айтам сенсеңіз,
Қоян, тауық – он сегіз.
Аяқтары – қырық сегіз.
Тауықта бар екі аяқ,
Қоянда бар төрт аяқ.
Сонда қанша қоян бар?
Сонда қанша тауық бар?



- 4. Мақалды аяқта. Бос нүктенің орнына тиісті сөз жаз. Сан есімдерді тап. Сандарды цифрмен жаз.

Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ... ,
Үшінші байлық –

Білгенім – тоғыз,
Білмегенім –

Білекті ... жығады,
Білімді ... жығады.

МЕРЕКЕЛЕР

Етістік



- ● 1. Етістік туралы ережені еске түсіріп, сөйлемді толықтыр. Жаз.

етістік деп атаймыз.

- 2. Мәтінді оқы. Етістікке сұрақ қойып теріп жаз.



1 сәуір – Халықаралық құстар күні. Ол 1906 жылдан бастап өте бастады. Құстар – табиғат, өмір көркі. Халық шебер әншісін бұлбұлға, ардақты азаматын сұңқарға, қас сұлуын аққуға теңеген. Құс барлық пен сұлулықтың белгісі болды.

- 3. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып жаз.

Керекті сөздер: тойланады, өтіледі, саналған, дайындалады, айтылады.

Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл басы мейрамы. Наурыз мейрамы 22 наурыз күні аталып Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі Халық таза, жаңа киімдерін киіп, бір-бірімен қол алысып амандасып, төс қағыстырып, жақсы тіліктер Мерекеге арнап жеті түрлі тағам өнімдерінен наурызкөже

- 4. Мәтінді оқы. Етістіктерді тауып, теріп жаз.

1 мамыр күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа шақыратын мерекелік шаралар өткізіледі. Қазақстанда 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешеді. Бұл күні халықтар ән айтады, би билейді. Көрмелер ұйымдастырылады.

●● 5. Төмендегі етістіктерге жіктеу жалғауларын қосып жікте.

Биледі, ойнады, күлді.

● 6. Өлеңді жаттап алып, жатқа жаз.

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін
Бүкіл қазақ еліне!



● 7. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.



Мұғалім _____



Кітапханашы _____



Суретші _____



Құрылысшы _____



- 8. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, сұрақ қой.

Қандай сөз табы екенін анықта.

Керекті сөздер: басталды, қойылды, тапсырманы тексерді, жауап берді, соғылды.


Сабақ	
Қоңырау	
Сұрақтар	
Мұғалім	
Оқушылар	

- 9. Өлеңді оқы, көшіріп жаз. Етістіктерді тауып астын сыз.

Анамды жақсы көремін,
Ана шаттық, бақыт береді.
Анаменен барлық адам
Бақытты болып жүреді.



- 10. Сурет бойынша әңгіме құрастыр. Бұл кім? Не істейді? Жауаптарын жаз.



Сөйлем. Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы мүшелер

- 1. Суретке қара. Не көріп тұрсың? Не істеп тұр? Айтып бер.



- 2. Сөйлемдерді аяқта. Ойлан! Кестені толтыр.

Тұрлаулы мүшелер	
Бастауыш дегеніміз – ... _____ _____	Баяндауыш дегеніміз – _____ _____
Бастауыштың сұрақтары: _____ _____	Баяндауыштың сұрақтары: _____ _____
Мысалы: _____ _____	Мысалы: _____ _____

- 3. Суреттерге қарап, сурет астындағы сұрақтар бойынша сөйлем құрап жаз.



Кім не істеді?



Не не істеді?

- Сөйлемдегі бастауыштың астын сыз.
Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді?

● 4. Мына баяндауыштарды қатыстырып сөйлем құрап жаз.

_____ жазды.

_____ жүрді.

_____ келді.

_____ сызды.

_____ оқыды.

_____ көрді.

Өздерің жазған сөйлемдердегі баяндауыштың астын сызып, үстіне сұрақтарын жазып көрсет.



● ● 5. Суретке қара. Кім не істеп жатыр? Жауабын жаз.



Тұрлаусыз мүшелер

● 1. Өлеңді жаттап ал! Қарамен жазылған сөздерге назар аудар. Көшіріп жаз. Оларға сұрақ қойып, сөйлемнің қандай мүшесі екенін анықта.

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз.
Сеніп өскен балалар –
Бақытты мен даналар.
Құттықтаймыз **мейраммен**,
Құрметті апа, аналар!
(Ө. Табылдиев)

● 2. Сөйлемдерді аяқта. Ойлан! Кестені толтыр.

Тұрлаусыз мүшелер	
Анықтауыш дегеніміз – _____ _____ _____	Толықтауыш дегеніміз – _____ _____ _____
Сұрақтары: _____	Сұрақтары: _____
Мысалы: _____ _____	Мысалы: _____ _____



● 3. Сұраққа жауап беріп, сөйлемді толықтырып жаз.

1. Медет (қандай?) _____ кітап оқыды.
2. Атам (қандай?) _____ шапан киді.
3. Аспазшы (қандай?) _____ тағам пісірді.
4. (Қандай?) _____ аспан астында өмір сүреміз.
5. Мен анама (қандай?) _____ сыйладым.
6. Алыстан (қандай?) _____ таулар көрінеді.

2. Сұрақ қою арқылы қай сөйлем мүшесі екенін анықта.



- 4. «Менің туған күнім» тақырыбына 3-4 сөйлем құрастыр.

- 5. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып көшіріп жаз.

Керекті сөздер: әдемі, көк, жеңіл, жылы.

Көктемде күн ... болады. Далада ... шөптер өседі. Адамдар ... киім киеді. Айналаға ... гүлдер қаптады.

- 6. Көп нүктенің орнына тиісті сөйлем мүшесін қойып көшіріп жаз.

1. Балалар (қайда?) _____ келді.
2. Бақыт (қайда?) _____ қалды.
3. Мұрат (қайдан) _____, (қашан?) _____ келді.
4. Алма кітапты (қашан?) _____, (қалай?) _____ оқыды.
5. Тал (қашан?) _____, (қалай?) _____ көгерді.



- 7. Өлеңді оқы. Пысықтауыштың астын сыз.

Жаз

Жаз күнінде ыстықта
Өзен суы керемет.
Асыр салып ойнайтын
Қызығы көп не керек!
Үйрек-қаздар далада
Алуан құстар ән салар.
Аспаны да ашылып,
Есіледі таң самал.

(«Ертегілер елінде» журналынан.)




- 8. Сен жазғы демалысыңды қалай өткізуді жоспарладың? Жаз.

Байланыстырып сөйлеу



- 1. Сурет бойынша әңгіме айт. Досымен сөйлестіріп, қал-жағдайын сұрастыр. Байланыстырып сөйлем құрастыр.



- 2. «Адасқан сөздерді» орнына қойып сөйлем құрастыр.

Өзеннен, аулады, балық, балалар. Бәйшешектер, ерте, гүлдеді, биыл. Қыздар, қызғалдақ, даладан, терді. Орналасқан, лагерь, ішінде, тоғайдың.

- 3. Көркем көшіріп жаз.

Өтініш – жеке тұлғалардың басшыларға, мемлекеттік органдарға қандай да бір өтініш білдіру құжаты. Өтініш ісқағаздарын жүргізудің негізгі ережелерін сақтай отырып еркін түрде жазылады.

- 4. Керекті сөздерді пайдалана отырып өтініш жаз.

Керекті сөздер: маған, отбасы, керек, жағдайына, демалыс, сұраймын, беруіңізді.

- 5. Мәтінді оқы. Осы тақырып бойынша өз отбасың туралы әңгімеле. Туысыңа немесе досыңа хат жаз.

Отбасы – бала бақыты

Менің отбасым тату-тәтті өмір сүруде. Сіңлім Кәусардың жасы төртте. Оны бәріміз еркелетеміз. Мен оны ойнатамын, арасында ертегі оқып беремін. Жер бетіндегі барлық бала бақытты болса екен деп тілеймін.

- 6. Хабарландыруды оқы. Өз сыныптастарыңа хабарландыру жаз.

Үлгі:

Ата-аналар мен оқушылар назарына!

Мектеп оқулықтарын төменгі кітап дүкендерінен «Дом книги»
(Ермекова көшесі, 52. тел. 47-50-48). «Кітаптар – Книги»
(Язева көшесі, 11. 31-24-49), «Ғасыр» базарынан сатып алуға болады.

Мектеп әкімшілігі

Сенің нұсқаң:

- 7. Хабарландыру дегеніміз не? Дұрыс жауаптың нұсқасын белгіле.

- ☐ Бірдеңе туралы хабарлау мақсатында газетке, журналға, басылған немесе бір жерге ілініп қойылған мәтін.
- ☐ Оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма.



- 8. Сұрақтарға байланыстырып жауап жаз. Жауабы болған сөздер сөйлемнің қандай мүшесі екенін торкөзге жаз.

- | | |
|--|----------------------|
| 1. Сенің атың, тегің кім? _____ | <input type="text"/> |
| 2. Сенің жасың нешеде? _____ | <input type="text"/> |
| 3. Сен қай сыныпта оқисың? _____ | <input type="text"/> |
| 4. Сен қай қалада (ауылда) тұрасың? _____ | <input type="text"/> |
| 5. Қазақстанның астанасы қай қала? _____ | <input type="text"/> |
| 6. Сен тұратын жерде қандай өзен, тау, көлдер бар? _____ | <input type="text"/> |
| 7. Сен қандай мерекелерді білесің? _____ | <input type="text"/> |
| 8. Қандай мерекені ұнатасың? _____ | <input type="text"/> |
| 9. Саған жылдың қай мезгілі ұнайды? _____ | <input type="text"/> |
| 10. Сен қандай спорт ойындарын білесің? _____ | <input type="text"/> |

Оқу басылымы

**Биисова Аслима Қабекешовна
Байтурсынова Айгүл Аманжоловна
Жалетденова Фарида Базарбаевна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
мектептердің (сыныптардың) 6-сыныбына арналған
жұмыс дәптері

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Суретшісі Д. И. Белов
Компьютерде беттеген Э. А. Айтқұлова

Басуға 27.05.2020 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6. Шатты баспа табағы 5,58.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік қағаз